

## Шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы Шежін ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 14 сәуірдегі № 4 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 26 сәуірде № 4357 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы Министрлігі "Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Тасқала аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының 2015 жылғы 3 желтоқсандағы № 306 ұсынысы негізінде ауылдық округ әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Тасқала ауданы Шежін ауылдық округінің Шежін-2 ауылының аумағында шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Шежін ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы (С. С. Булатов) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Шежін ауылдық округінің әкімі*

*Т. Шакиров*